Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу комитетінің
Жамбыл облысы бойынша департаменті

«Жамбыл су» МКК-ның суды таратушы желілері арқылы беру қызметіне арналған тарифін және тарифтік сметасын бекіту бойынша жария тыңдаудың
№ ХАТТАМАСЫ

Тараз қаласы

2026 жылғы 6 қазан,
сағат 11:00

Төраға:
М.Б.Қуанышбек - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департамент басшысы

Хатшы:
С.Ж.Магзимбекова – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің заңнаманың сақталуын бақылау, талап қою және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас маманы

Қатысқандар:
Е.А. Сансызбаев - табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы, **А.Б. Көшербаев** - Жамбыл облысы әкімдігі энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасының бас маманы, **Н. Еркебаев** – «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының Жамбыл облысы бойынша филиал басшысының орынбасары, **М.Н.Ким** – ««Бітімгер - Ел» медиация және құқық орталағы» қоғамдық қорының басшысы, **Е.Д.Аманжолов** – «Жамбыл су» МКК – ны директоры, **Д.Б. Бекназарова** - «Жамбыл су» МКК – ның экономикалық – жоспарлау бөлімінің бастығы, **М.С. Сейтбеков** - «Жамбыл су» МКК – ның өндірістік – техникалық бөлімінің бастығы және тұтынушылар. Барлығы **15** адам қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ

«Жамбыл су» МКК-ның суды таратушы желілері арқылы беру қызметіне арналған тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы

Жария тыңдауды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департамент *(бұдан әрі - Департамент)* басшысы **М.Б. Қуанышбек** ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды, жария тыңдауға қатысушыларды

таныстырып, оны өткізу тәртібін түсіндірді және сөз сөйлеу регламентін сақтау қажеттігін еске салды.

Сонымен қатар, жария тыңдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында тікелей эфирде көрсетілетінін атап өтті.

Күн тәртібінде қаралып отырған мәселе бойынша баяндама жасау үшін «Жамбыл су» МКК - ның директоры **Е.Д. Аманжоловқа берілді.**

Е.Д. Аманжолов өз сөзінде, «Жамбыл су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Табиғи монополиялар туралы» Заң талаптарына сәйкес 2027–2031 жылдарға суды таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тарифтердің шекті деңгейін бекітуге өтінім берді деді.

1. Бұл 2022–2026 жылдарға бекітілген тарифтік сметаның қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты.

2. 2027–2031 жылдары кәсіпорынның өндірістік активтерін реконструкциялауға, жаңғыртуға, жөндеуге және жабдықтар сатып алуға бағытталған инвестициялық бағдарламаны іске асыру. Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру көздері амортизациялық аударымдар, сондай-ақ ұлттық жоба шеңберіндегі қарыз қаражаты болып табылады. Ұлттық жобаға 3 көше енгізілген.

3. Электр энергиясын тұтыну көлемінің және бағасының өсуі. Баға сметадағы 1 кВт үшін 35,19 теңгеден 50,34 теңгеге дейін, яғни 39 пайызға өсті;

4. Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты (НДПИ) есептеу тәртібінің өзгеруі;

5. Сонымен қатар, желілердің ұзындығы жыл сайын ұлғайып келеді, сондай-ақ қызмет көрсетілетін абоненттер саны да артуда. Бұл халық санының өсуіне және жаңа учаскелердің желілерге қосылуына байланысты.

2026 жылы Тараз қаласы әкімінің қаулысына сәйкес кәсіпорынға берілген желілердің ұлғаюы сумен жабдықтау бойынша 518,56 км, су бұру бойынша 4,48 км құрады. Сонымен қатар, кәсіпорын 139,33 км иесіз су құбыры желілеріне қызмет көрсетеді, бұл ретте оларды ұстауға бюджетте де, тарифтік сметада да қаражат көзделмеген. Сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі 44%, су бұру желілерінің тозу деңгейі 43% екенін ескерсек, тарифте күрделі және ағымдағы жөндеуге көзделген қаражат мөлшері жеткіліксіз. Материалдар құнының қымбаттауын ескере отырып, осы бап бойынша кәсіпорын апаттар мен құбырлардың жарылуын жою жұмыстарын шығынмен жүргізуге мәжбүр.

Желілерді пайдалану шығындарының өсуімен қатар салықтар, еңбекақы төлеу және тарифтік сметада көзделмеген басқа да қызметтер бойынша шығындар артты.

2027 жылдан бастап 1 текше метрге 200,89 теңге мөлшерінде жаңа тарифті енгізу кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын тарифтік шектерді белгілеуді көздейді. Аталған тариф деңгейі белгіленген жағдайда «Жамбыл су» МКК қызметтерді неғұрлым сапалы көрсету мүмкіндігіне ие болады, өйткені қазіргі қолданыстағы орташа босату тарифі (146,42 теңге/м³) кәсіпорынның бүгінгі таңда көтеріп отырған шығындарына сәйкес келмейді.

Е.Д. Аманжолов сөзінің соңында, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып «Жамбыл су» МКК - ның тарифі мен тарифтік сметасының жобасын қарап, бекітуді сұрады.

Департамент басшысы М.Б. Қуанышбек сұрақ қойды:

- Ұсынып отырған тарифтің өсуінің негізгі себебі?

Жауапты «Жамбыл су» МКК директоры Е.Д.Аманжолов берді:

Тарифтің өсуінің негізі: электр энергиясын тұтыну көлемінің және бағасының өсуі, кәсіпорынның өндірістік активтерін реконструкциялауға, жаңғыртуға, жөндеуге және жабдықтар сатып алуға бағытталған, желілерді пайдалану шығындарының өсуімен қатар салықтар, еңбекақы төлеу және тарифтік сметада көзделмеген басқа да қызметтер бойынша шығындар артты.

«Атамекен» Жамбыл облыстық филиалы өңірлік кәсіпкерлер палатасы басшысының орынбасары **Н. Еркебаев** сұрақ қойды.

– Желілердің тозу деңгейі қандай?

Жауапты «Жамбыл су» МКК директоры Е.Д. Аманжолов берді:

– Желілердің ұзындығы жыл сайын ұлғайып келеді, сондай-ақ қызмет көрсетілетін абоненттер саны да артуда. Бұл халық санының өсуіне және жаңа учаскелердің желілерге қосылуына байланысты.

2026 жылы Тараз қаласы әкімінің қаулысына сәйкес кәсіпорынға берілген желілердің ұлғаюы сумен жабдықтау бойынша 518,56 км, су бұру бойынша 4,48 км құрады. Сонымен қатар, кәсіпорын 139,33 км иесіз су құбыры желілеріне қызмет көрсетеді, бұл ретте оларды ұстауға бюджетте де, тарифтік сметада да қаражат көзделмеген. Сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі 44%, су бұру желілерінің тозу деңгейі 43% екенін ескерсек, тарифте күрделі және ағымдағы жөндеуге көзделген қаражат мөлшері жеткіліксіз. Материалдар құнының қымбаттауын ескере отырып, осы бап бойынша кәсіпорын апаттар мен құбырлардың жарылуын жою жұмыстарын шығынмен жүргізуге мәжбүр.

Қорытынды сөзбен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департамент басшысы **М.Б. Қуанышбек** сөз сөйлеп, қатысушыларға жария тыңдауға белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірді.

Сонымен қатар, күн тәртібіне енгізілген барлық мәселелердің қаралғанын атап өтіп, «Жамбыл су» МКК-ның суды таратушы желілері арқылы беру қызметіне арналған тарифін және тарифтік сметасын бекіту бойынша шешімнің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қабылданатынын хабарлады.

Төраға **М. Қуанышбек**

Хатшы **С. Магзимбекова**